

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LDBR4193>

**\*С. Ж. Ереалиева<sup>1</sup>, Е. Б. Асанбаева<sup>2</sup>, Б. Ж. Сарыбаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

<sup>2</sup>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.;

<sup>3</sup>Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## **ӘЛЕМНІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ДИСКУРС: ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Мақала қазіргі тіл білімінде кеңінен түсіндіріліп жүрген «әлемнің тілдік бейнесі», «әлемнің ұлттық бейнесі», «әлемнің құндылық бейнесі» құбылыстарының ерекшеліктерін зерделеуге арналған. Авторлар мәселені ашып, тіл мен мәдениет, тіл мен ұлттық құндылық сияқты категориялардың байланысын сипаттайды. Зерттеудің мақсаты – әлемнің тілдік бейнесінің сипаттамалық ерекшеліктерін саралау, сонымен қатар әлемнің ұлттық тілдік бейнесінің өзіндік өзгешелігін қарастыру. Жұмыста әлемнің тілдік бейнесінің күрделі табиғаты туралы жалпы тіл білімінде қалыптасқан ғалымдардың көзқарастары сипатталып талданады, аталған ұғым-түсініктер түйінделеді. Солардың негізінде авторлар тарапынан шығарылған өзіндік анықтамалар ұсынылып, пайымдаулары жан-жақты ашылып көрсетіледі. Жүргізілген зерттеу нәтижелері виртуалды коммуникациядағы қажетті критерий болып табылатын ұлттық менталитетті терең түсінуге мүмкіндік береді. Мәтіннің жаңа түрін зерттеу дәстүр арқылы қайта құрылатын виртуалды тілдік тұлғаның портретін жасауға көмектеседі, әлемнің қарапайым тілдік бейнесін тұжырымдамалық тұрғыда зерделеу мәтін материалында ұсынылған әлем бейнесінің құндылық аспектісіне қызығушылық тудырады. Виртуалды тілдік тұлға ұлттық мұра мен мәдениеттің тасымалдаушысы болып табылады. Өйткені ол мәтіндерде көрінетін өзіндік дүниетанымы мен стереотиптері бар белгілі бір лингвомәдени қоғамдастыққа жатады.*

*Кілтті сөздер: әлемнің тілдік бейнесі, ұлттық құндылық, виртуалды қарым-қатынас, интернет дискурсы, виртуалды тілдік тұлға.*

**Қаржыландыру туралы ақпарат.** Мақала ҚР БЖҒМ қолдауы негізінде, АР13068417 «Қазақ лингвомәдениетінің аксиологиялық доминанттары: дәстүр және жаңашылдық (күнделікті виртуалды қарым-қатынас материалдары негізінде)» жобасы шеңберінде орындалды.

### **Кіріспе**

Зерттеудің өзектілігі антропоорталықтық парадигмаға енетін қазіргі тіл білімі ғылымының әлемнің тілдік, ұлттық және құндылық бейнесінің феномендеріне қызығушылығына, қарым-қатынастың жаңа форматы – интернет-коммуникацияның және, тиісінше, қарапайым жазбаша сөйлеудің әр алуандығын білдіретін мәтіндердің (блог, түсіндірме және т.б.) жаңа түрінің пайда болуына байланысты. Мәтіннің жаңа түрін зерттеу дәстүр арқылы қайта құрылатын виртуалды тілдік тұлғаның портретін жасауға көмектеседі, әлемнің қарапайым тілдік бейнесін тұжырымдамалық тұрғыда зерделеу мәтін материалында ұсынылған әлем бейнесінің құндылық аспектісіне қызығушылық тудырады.

Виртуалды кеңістікте қоғам өзінің қажеттіліктерін ауызша және жазбаша қарым-қатынас түрлері арқылы жүзеге асырады. Сонымен қатар ол ғалымдарға, соның ішінде лингвистерге зерттеу объектісіне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді, ғылыми жаңалықтар ашуға негіз болды.

*Зерттеу нысаны:* әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің ұлттық бейнесі түсінігі (феномені), интернет дискурстың лингвомәдени және лингвоаксиологиялық ерекшеліктері.

*Зерттеу мақсаты:* әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің ұлттық бейнесі арақатынасының өзекті мәселелерін зерттеу, интернет дискурстың лингвомәдени және лингвоаксиологиялық ерекшеліктерін анықтау.

*Зерттеу міндеттері:*

- интернет-лингвистика, лингвомәдениеттану, аксиологиялық лингвистика салаларындағы зерттеушілердің теориялық жұмыстарын зерделеу;

- әлемнің тілдік бейнесі, әлемнің ұлттық және құндылық бейнесі феноменін салыстыру және сипаттау;

- интернет дискурстың лингвомәдени және лингвоаксиологиялық ерекшеліктерін айқындау.

### **Материалдар мен әдістер**

Аталған нысанды зерттеу үшін тіл білімінде жарық көрген ғылыми еңбектер дереккөз ретінде пайдаланылды және оларды жүйелі түрде ұсынуда әдеби шолу, теориялық материалды контекстік талдау, салыстырмалы, жалпылама, сипаттамалық әдістер қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қай тіл болмасын әлемді тұжырымдаудың белгілі бір әдісін пайдаланылады. Тіл адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесу тәжірибесін көрсетеді және оның жалпы тұтастығында әлемнің тілдік бейнесін құрайды [1].

«Әлемнің тілдік бейнесі» терминін Л. Вайсгербер ұсынған. Ол әр тілде тіл тасымалдаушыларының әлемге деген айрықша көзқарасы суреттеледі деп есептейді [2, 111–112 бб.].

Бүгінгі күні тіл білімінде «әлем бейнесі» терминіне қатысты ғалымдар тарапынан бірқатар анықтама жасалғаны белгілі. В. И. Карасиктің пікірінше, «әлем бейнесі – бұл ұжымдық санадағы шындық бейнелерінің тұтас жиынтығы ... және зат пен құбылыс кластары туралы логикалық түрде қалыптасқан жалпы ой жайындағы түсініктер» [3, 88 б.].

Әлемнің тілдік бейнесі – бұл «тұтас және көп бөлшекті әлем ретінде бар нәрсенің бейнесі тілдік комбинация құралдары арқылы жүзеге асырылатын халықтың ғасырлар бойындағы тәжірибесі. Өзінің құрылымында және тілмен ұғынылатын байланыстарында білдіретін бөліктері, біріншіден, адамның материалдық және рухани тұрмыс-тіршілігі, екіншіден, оның барлық қоршаған ортасы: кеңістік пен уақыт, жанды және жансыз табиғат, адам жасаған мифтер мен қоғам саласы» [4, 15 б.].

Әлем бейнесін қалыптастыруға адамның психикалық іс-әрекетінің барлық аспектілері, сезімдерден, қабылдаулардан, идеялардан бастап, жоғары формаларға – адамның ойлауы мен өзін-өзі тануына дейін қатысатындықтан, адамда әлем бейнесін қалыптастыруға байланысты кез келген үрдісті анықтайтын қандай да болмасын әрекет сөзсіз сәтсіздікпен аяқталады. Адам әлемді сезінеді, оны пайымдайды, сіңіреді, таниды, түсінеді, түсіндіреді, суреттейді және бейнелейді, онда тұрады, елестетеді. Әлем бейнесі дүниетанымның, дүниені пайымдаудың, дүниені түсінудің, дүниені қабылдаудың әртүрлі актілерінде пайда болады [5, 21 б.].

«Әлем бейнесі» терминінің синонимі «әлем моделі» термині болуы мүмкін. Әлем моделі – бұл адамдар интеграциясының өзегі, адам өмірінің әртүрлі салаларын, олардың өзара байланысын үйлестіру құралы. Әлем моделі шындықтың тұтас бейнесі ретінде адамның дүниетанымы мен дүниеге көзқарасының барлық әрекеттеріне делдал болады. Сонымен қатар бір адам әлемнің бірнеше моделінің тасымалдаушысы бола алады:

ғылыми, діни, саяси, экономикалық және т.б. Осылайша, әлем моделінің екіжақтылық сипаты, яғни ол бір уақытта жеке және әлеуметтік құбылыс екендігі анықталады.

Әлем моделінің мәдениетпен тығыз байланысты екендігі де маңызды, сондықтан ол барлық тілдік этностар үшін бірдей емес. Демек, әр тілде өз әлемінің ерекше бейнесі бар және мәлімдемені ұйымдастырған кезде мұны ескерген абзал. Сонымен қатар бүгінгі күні Интернеттің пайда болуымен байланысты әлем бейнесінің жаңа түрі көрініс тапты деп айтуға болады. Осыған орай адам санасында әлемнің виртуалды бейнесі қалыптасады.

Қысқасы, әлемнің тілдік бейнесінің құрамдас бөліктеріне мыналар жатады: а) шындықты қабылдау моделі (сызбасы) – білім жиынтығы; б) халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі (таным нәтижесі); в) тілде көрініс табуы; г) адамды әлемдегі белгілі бір қағынасқа бағыттауы («Біздің дүниетанымымыз әлемнің тілдік бейнесінде ішінара тұтқында болады»); д) уақыт өте өзгергіштігі; е) ұлттық ерекшелігі («Әр тіл оның тасымалдаушыларының дүниетанымын анықтайтын және олардың әлем бейнесін қалыптастыратын ұлттық, өзіндік жүйені қамтиды»); ж) әлемнің ғылыми бейнесінен айырмашылығы бар қарапайым бейне [6, 67 б.].

Ю. Д. Апресянның түсінігінше, әлемнің тілдік бейнесі ғылыми бейнеге дейінгі сипатқа ие. Ол қарапайым, күнделікті санаға негізделеді және әлемнің қарапайым бейнесі деп аталады. Өйткені ол әлемнің ғылыми көзқарасынан көптеген мәселелерімен ерекшеленеді [7, 6–7 бб.].

Осы негізде әлемнің екі бейнесі анықталады: қарапайым және ғылыми. Әлемнің қарапайым бейнесінде лингвомәдени қоғамдастықтың қарапайым санасын сипаттайтын қабылдаудың заттық тәсілі басым. Оның басты ерекшелігі – бағалау сипаты, өйткені әлем әрдайым қажеттілік призмасы арқылы қабылданады. Осылайша, қоршаған әлем, оның бейнесі жеке адамның санасында көрінеді және тілдік біріліктерде бекітіледі. Тиісінше, әлемнің бейнесі тіл түрінде ұсынылады, алайда нақты сол болып табылмайды.

Кей ғалымдар әлемнің қарапайым моделі өзінің көріністерінде күрделілігі бойынша әлемнің ғылыми бейнесінен кем түспейді және кей кезде одан да асып түседі деп есептейді. Өркениеттің қазіргі дамуы әлемнің ғылыми және қарапайым бейнелерінің жақындасуына әкелді. Бұл құбылыстың маңызды алғышарттарына жаһандандудың жалпы дамуы, БАҚ пен виртуалды әлемнің ғылыми көрінісін таратуға әсері; заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану; осы құбылыстармен тікелей байланысы бар интеграциялық қозғалыстар сияқты факторлар жатады. Алайда жақындасу толық біріктіруді білдірмейді, өйткені орталық салаларда әлемнің ғылыми және қарапайым бейнелері өте қатаң концептуалды және формальды-тілдік ядроларды құрайды. Олар, сөз жоқ, өзара ерекшеленеді.

Жетілудің кез келген кезеңі (қарапайым немесе ғылыми) танымдық тәжірибенің нәтижелерін жеке және әлеуметтік аспектілерде әлемге (ортаға, шындыққа) саналылық / бейсаналық бейімделу үшін қолдануды қамтиды.

Ю. Д. Апресян әлемнің тілдік бейнесін анықтау мәселесі туралы ойын былай білдіреді: «Әр табиғи тіл әлемді қабылдау мен ұйымдастырудың (тұжырымдаудың) белгілі бір тәсілін көрсетеді. Ондағы берілетін мағына барлық тіл тасымалдаушыларына міндетті болып табылатын ұжымдық философия ретінде біртұтас көзқарастар жүйесіне айналады. Бұл тілге тән шындықты тұжырымдау тәсілі ішінара әмбебап әрі ұлттық сипатқа ие болып келеді. Сондықтан әртүрлі тілдің тасымалдаушылары әлемді өз тілдерінің призмасы негізінде басқаша түрде көре алады. Екінші жағынан, көп жағдайда әлемнің тілдік бейнесі «ғылыми» бейнеден өзгеше және «қарапайым» болып келеді. Сонымен қатар тілде көрініс тапқан қарапайым түсініктер ғылыми бейнеден гөрі күрделі және қызықты болуы да мүмкін. Мысалы, бұл қатарға адамның ішкі әлемі туралы түсініктер жатады. Олар мыңдаған жылдар бойы ондаған ұрпақ интроспекциясының тәжірибесін көрсетеді және осы әлемге сенімді бағыттаушы бола алады...» [7, 348–349 бб.].

Әлемнің тілдік бейнесі осы тілді тасымалдаушы адамдар дүниетанымының ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсетеді. Тіл өзінің мағыналары мен олардың ассоциациялық жүйесі арқылы әлемнің ұлттық-мәдени түстердегі концептуалдық моделін суреттейді» [8, 177 б.].

Әлемге деген ұлттық көзқарас кез келген зерттеушіні қызықтыратыны сөзсіз. Өйткені біреудің ұлттық дүниетанымын түсіну мүмкін емес, бірақ түсіну процесі кезінде оған жақындауға болады. Себебі әлемнің ұлттық бейнесі әр халықтың ойлауында тұжырымдалады. Бұл тұжырымдама әлемнің жалпы моделін қалыптастыру аясында жүзеге асады және әлем бейнесін қоршаған шындықтан жеке адам қабылдаған сигналдарды қайта кодтау нәтижесінде білдіреді. Әлемнің бейнесі әмбебап және ұлттық болып табылады. Егер әлем моделін зат түрінде ұсынса, онда оның құрылымы көптеген халықтар үшін бірдей болуы мүмкін, бірақ шындық әрдайым әртүрлі болады.

Әлемнің ұлттық бейнесі халық дүниетанымының өзіндік өзгешелігі мен ұлттық-мәдени ерекшелігінде жүзеге асырылатын белгілі бір халықтың тарихи тәжірибесін көрсетеді. Бұл көзқарас тілде, әдебиетте, жазбаша дискурста байқалады, адамдардың сөйлеуінде көрінеді.

Г. Д. Гачевтің пайымдауынша, әлемнің ұлттық бейнесі үш деңгейден тұрады: ұлттық кеңістік, тіршілік, тіл; ұлттық сипат, ұлттық жан; ұлттық ойлау қабілеті, әлемді бейнелеу тәсілі, болмысқа көзқарас, құндылықтар иерархиясы. Әр дәуір өз бейнелерін жасайды [9, 7–81 бб.].

Әлемнің құндылық бейнесін анықтау және зерттеу үшін белгілі бір тілдік қоғамдастыққа арналған маңызды концептілерді айқындау қажет. Ол қандай да бір тілдік тұлғаның, сондай-ақ ұжымның (біздің жағдайда виртуалды қарым-қатынасқа қатысушылардың) құнды түсініктер жүйесін қалыптастырады. Әлемнің құндылық бейнесін модельдеу арқылы мәтінде оларды қолдану жиілігімен анықталатын кілтті сөздер әдісін пайдалана отырып, бұндай концептілерді ажыратуға болады. Аталған кілтті сөздер бір-бірімен топтасып, әлемнің бейнесі деп аталатын жүйе ретінде әрекет ететін белгілі бір концептілердің құрылымын құрайды. Тілдік тұлғаның құндылық көзқарастарын анықтау үшін мәтіндік қызмет процесінде пайда болатын тұжырымдамалық өрісті қарастыру қажет.

В. И. Карасик әлемнің құндылық бейнесінің келесі ерекшеліктерін анықтайды: 1) тілдегі әлемнің құндылық бейнесі жалпы адамзаттық және арнайы бөліктерді қамтиды. Бұл бейненің арнайы бөлігі объектілердің әртүрлі номинативті тығыздығына, объектілердің әртүрлі бағалау біліктілігіне, құндылықтардың әртүрлі комбинаторикасына байланысты; 2) тілдегі әлемнің құндылық бейнесі заңды, діни, моральдық кодекстермен, жалпы қабылданған тұжырымдармен, әдеттегі фольклорлық және белгілі әдеби сюжеттермен өзара байланысты бағалау пікірлері түрінде қайта құрылады; 3) бағалау пайымдаулары арасында қосу және ассоциативті қиылысу қатынастары байқалады, соның нәтижесінде тиісті мәдениеттің құндылық парадигмаларын орнатуға болады; 4) әлемнің құндылық бейнесінде осы мәдениет үшін маңызды мағына, құндылық доминанттары бар, олардың жиынтығы тілде жалғастырылатын және сақталатын мәдениеттің белгілі бір түрі құрылады; 5) әлемнің құндылық бейнесі белгілі бір тіл мәдениеті аясында әр текті білім болып табылады, өйткені әртүрлі әлеуметтік топтар түрлі (кейде қарама-қарсы) құндылықтарға ие болуы мүмкін; 6) әлемнің құндылық бейнесі ұжымдық, сонымен қатар жеке санада да өмір сүреді [10].

Әлемдік модель мәдениетпен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн, сондықтан ол барлық лингвомәдениет үшін әмбебап болып табылмайды. Демек, әр тіл өзіндік әлем бейнесінен тұрады және оны мәтінді қабылдау және мәтін сөзжасамында ескеру қажет. Сонымен қатар бүгінгі таңда интернеттің дамуымен байланысты әлем бейнесінің жаңа түрі қалыптасқанын мойындау керек. Сондықтан әлемнің виртуалды бейнесі деп аталатын әлемнің тағы бір бейнесін жасауға мүмкіндік туды.

Д. А. Попова мен Е. С. Сальникова түсіндірмеші өзінің негізгі ұжымдық құндылықтары мен оған әлемнің белгілі бір бейнесі бар тілдік тұлғаға тән құндылықтарды өзіндік дискурсты тудыратын контексте бағалау тәжірибесіне бағытталған деп санайды. Нәтижесінде, субъект-түсіндірмеші өзінің түсіндірмелерін – ішкі түсінік, норма, стандарт пен



талаптар желісінде, жақсылық пен жамандық туралы, әділеттілік, пайда әкелу, ізгілік, қадір-қасиет, сұлулық және т.б. әлеуметтік, прагматикалық, моральдық, эстетикалық құндылықтары туралы жеке көзқарасын жүйелей отыра саралап, өзінің дискурсивті әлемін жасайды. Онда ол үшін маңызды концептілер – аксиологемалар болып табылады [11, 231 б.].

А. А. Калашникова орыс тілді блогер әлемінің тілдік бейнесін, оған сәйкес адам менталитеті үшін қандай да бір негізгі концептіні талдау арқылы оның белгілі бір тілге тән дәрежесіне қарамастан, тілде көрінетін түсініктердің тұтас жүйесін қайта құруға болатынын қарастырады. Оның пікірінше, концепт – «ақыл-ойда көрініс тапқан әлем құбылысымен байланысты психикалық құрылым». Бұл көпөлшемді семантикалық білім, онда тек концептуалды ғана емес, сонымен қатар бейнелі және құндылық мәселелері де бар [12, 231 б.].

Қысқасы, компьютерлік-делдалдық қарым-қатынас пен тұлғааралық диалогте виртуализациялаудың ықпалына ұшыраған виртуалды тілдік тұлғаның танымдық деңгейінің өзгеруін байқауға болады. Бұл виртуалды кеңістіктегі тілдік тұлға болмысы ретінде әлемнің тілдік бейнесі веб-логтің дискурсивті сипаттамаларына ұшырай отырып өзгереді деп айтуға мүмкіндік береді.

### **Қорытынды**

Әлемнің лингвомәдени құндылық бейнесін зерттеудің теориялық талдауына сүйене отырып, белгілі бір тілдік қоғамдастық үшін маңызды концептілерді зерделеуге назар аударылды. Олар жеке тілдік тұлғамен қатар, ұжымдық, біздің жағдайда виртуалды тілдік тұлғаның құндылық компоненттер жүйесін береді. Мұндай концептілерді анықтау үшін мәтін сөзжасамында оларды қолдану жиілігі принципімен ерекшеленетін кілтті сөздер әдістемесін қолдана отырып, әлемнің құндылық бейнесін модельдеу арқылы жүзеге асырылады. Топтастыру арқылы олар әлем бейнесінің бөлігі болатын белгілі бір концептілер өрісін құрайды.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1. **Кубрякова, Е. С.** О современном понимании термина «концепт» в лингвистике и культурологии // Реальность, язык и сознание. Международный межвузовский сборник научных трудов. – Вып. 2. – Тамбов: Изд-во ТГУ им. Г. Р. Державина, 2003. – С. 67–75.

2. **Вайсгербер, Й. Л.** Родной язык и формирование духа. – М., 1993. – 112 с.

3. **Карасик, В. И.** Язык социального статуса. – М., 2002. – 477 с.

4. **Шведова, Н. Ю.** Результаты, полученные в работе над «Русским семантическим словарем» // Вопросы языкознания. – №1. – М., 1999. – С. 3–16.
5. **Серебренников, Б. А.** Предисловие // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 212 с.
6. **Маслова, В. А.** Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
7. **Апресян, Ю. Д.** Интегральное описание языка и системная лексикография. Т. 2. – М.: Языки русской культуры, 1995. – 349 с.
8. Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира / отв. ред. Б.А. Серебренников. – М.: Наука, 1988. – 216 с.
9. **Гачев, Г. Д.** Национальные образы мира. – М.: Издательский центр «Академия», 1998. – 432 с.
10. **Карасик, В. И.** Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 205 с.
11. **Попова, Д. А., Сальникова, Е. С.** Ценностная ориентация цифровой личности в жанре интернет-комментария // Вестник Нижегородского университета им. Н. И. Лобачевского. – № 5. – Нижегородск, 2019. – С. 230–234.
12. **Калашникова, А. А.** К вопросу о языковой картине мира русскоязычного блоггера // *Lingua mobilis*. – № 7 (26). – 2010. – С. 52–60.

## References

1. **Kubryakova, E. S.** O sovremennom ponimanii termina «koncept» v lingvistike i kul'turologii [On the modern understanding of the term «concept» in linguistics and cultural studies] // Reality, language and consciousness. International interuniversity collection of scientific papers. – Issue. 2. – Tambov: Publishing House of TSU named after G.R. Derzhavin, 2003. – P. 67–75.
2. **Weisgerber, Y. L.** Rodnoj yazyk i formirovanie duha [Native language and the formation of the spirit]. – М., 1993. – 112 p.
3. **Karasik, V. I.** YAzyk social'nogo statusa [The language of social status]. – М., 2002. – 477 p.
4. **Shvedova, N. Yu.** Rezul'taty, poluchennyye v rabote nad «Russkim semanticheskim slovarom» [Results obtained in the work on the «Russian Semantic Dictionary»] // Questions of Linguistics. – №. 1. – М., 1999. – P. 3–16.
5. **Serebrennikov, B. A.** Predislovie [Foreword] // The role of the human factor in the language: Language and picture of the world. – М.: Nauka, 1988. – 212 p.
6. **Maslova, V. A.** Lingvokul'turologiya [Linguoculturology]. – М.: Academy, 2001. – 208 p.

7. **Apresyan, Yu. D.** Integral'noe opisanie yazyka i sistemnaya leksikografiya [Integral description of the language and systemic lexicography]. – Т. 2. – М.: Languages of Russian culture, 1995. – 349 p.

8. Rol' chelovecheskogo faktora v yazyke: yazyk i kartina mira [The role of the human factor in language: language and picture of the world] / ed. ed. B. A. Serebrennikov. – М.: Nauka, 1988. – 216 p.

9. **Gachev, G. D.** Nacional'nye obrazy mira [National images of the world]. – М.: Publishing Center «Academy», 1998. – 432 p.

10. **Karasik, V. I.** YAzykovoј krug: lichnost', koncepty, diskurs [Language circle: personality, concepts, discourse]. – Volgograd: Change, 2002. – 205 p.

11. **Popova, D. A., Salnikova, E. S.** Cennostnaya orientaciya cifrovoj lichnosti v zhanre internet-kommentariya [Value orientation of the digital personality in the genre of Internet commentary] // Bulletin of the Nizhny Novgorod University named after N. I. Lobachevsky. – №. 5. – Nizhegorodsk, 2019. – P. 230–234.

12. **Kalashnikova, A. A.** K voprosu o yazykovoј kartine mira russkoyazychnogo bloggera [To the question of the language picture of the world of a Russian-speaking blogger] // Lingua mobilis. – №. 7 (26). – 2010. – P. 52–60.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

\*С. Ж. Ергалиева<sup>1</sup>, Е. Б. Асанбаева<sup>2</sup>, Б. Ж. Сарыбаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Торайғыров университет,  
Республика Казахстан, г. Павлодар;

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,  
Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

<sup>3</sup>Павлодарский педагогический университет,  
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

## НАЦИОНАЛЬНАЯ ЦЕННОСТНАЯ КАРТИНА МИРА И ИНТЕРНЕТ ДИСКУРС: ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

*Статья посвящена изучению специфики феномена «языковой картины мира», «национальная картина мира», «ценностная картина мира», получившего в последнее время широкую интерпретацию в современном языкознании. Автором освещается проблема и прослеживается связь таких категорий, как язык и культура, язык и ценность. Цель исследования состоит в описании характерных черт языковой картины мира, также рассматривается своеобразие национальной языковой картины мира. В работе излагаются взгляды*

*некоторых ученых на сложную природу языковой картины мира, даются толкования данного понятия, с учетом которых автором было сформулировано собственное определение. Результаты проведенного исследования дают возможность глубокого понимания национального менталитета, что является необходимым критерием в виртуальной коммуникации. Изучение нового типа текста помогает создать портрет виртуальной языковой личности, который реконструируется с помощью традиций, концептуальных исследований образа обыденной языковой картины мира, интересом к ценностному аспекту картины мира. Изучение нового типа текста помогает создать портрет виртуальной языковой личности, который реконструируется с помощью традиций, концептуальных исследований образа обыденной языковой картины мира, интересом к ценностному аспекту картины мира, представленной в текстовом материале. Виртуальная языковая личность является носителем национального наследия и культуры, поскольку принадлежит определенному лингвокультурному сообществу, обладающему своим мировоззрением и стереотипами, которые проявляются в текстах.*

*Ключевые слова: языковая картина мира, национальная ценность, виртуальная коммуникация, интернет дискурс, виртуальная языковая личность.*

\*S. Zh Yergaliyeva<sup>1</sup>, E. B. Asanbaeva<sup>2</sup>, B. Zh. Sarybaeva<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

<sup>2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

<sup>3</sup>Pavlodar Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 08.09.22.

## **NATIONAL VALUE PICTURE OF THE WORLD AND THE INTERNET DISCOURSE: THE PROBLEM OF INTERACTION**

*The article is devoted to the study of the specifics of the phenomenon of «Language picture of the world», «National picture of the world», «Value picture of the world», which have recently received a wide interpretation in modern linguistics. The author highlights the problem and traces the connection between such categories as language and culture, language and value. The purpose of the study is to describe the characteristic features*

*of the linguistic picture of the world, and the originality of the national linguistic picture of the world is also considered. The paper presents the views of some scientists on the complex nature of the language picture of the world, gives interpretations of this concept, taking into account which the author formulated his own definition. The results of the study provide an opportunity for a deep understanding of the national mentality, which is a necessary criterion in virtual communication. The study of a new type of text helps to create a portrait of a virtual linguistic personality, which is reconstructed with the help of traditions, conceptual studies of the image of an ordinary linguistic picture of the world, and interest in the value aspect of the picture of the world presented in the text material. A virtual linguistic personality is the bearer of national heritage and culture, since it belongs to a certain linguocultural community that has its own worldview and stereotypes that are manifested in texts.*

*Keywords: linguistic picture of the world, national value, virtual communication, Internet discourse, virtual linguistic personality.*

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)